



Автор: Қазбаева Шахризада Калауовна

Пән: Дүниежүзі тарихы

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Ежелгі Қытай

Тақырып: Терракота әскері Ежелгі Қытай туралы қандай ақпарат береді?

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5.3.1.1.-ежелгі мемлекеттердің саяси құрылымын сипаттау
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Цинь империясының қалай құрылғандығын біледі; Оқушылардың басым бөлігі: Цинь Шихуанди императордың қызметін талқылайды; Кейбір оқушылар: Ұлы Қытай қорғаны мен «терракота әскерін» суреттермен сипаттайды, тұжырым жасайды.
Тілдік мақсаттар:	Барлық оқушылар: Цинь империясының қалай құрылғандығын біледі; Оқушылардың басым бөлігі: Цинь Шихуанди императордың қызметін талқылайды; Кейбір оқушылар: Ұлы Қытай қорғаны мен «терракота әскерін» суреттермен сипаттайды, тұжырым жасайды.
Күтілетін нәтиже:	Дәлел: Цинь империясының біртұтас мемлекетке айналғандығына дәлел келтіреді Ұқсастық пен айырмашылық: Цинь империясы мен Хань әулетінің билігін салыстырады.
Бағалау критерийлері:	- Цинь империясының қалай құрылғандығын есте сақтайды; - Цинь Шихуанди императордың жүргізген саясатымен танысады және бағалайды; - Ұлы Қытай қорғаны мен «терракота әскері» туралы тұжырым жасайды, берілген артефактыны суреттермен сипаттайды.
Құндылықтарды дарыту:	басқа халықтардың тарихы мен мәдениетіне құрметпен қарау; - толеранттылық сана қалыптастыру; - сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Слайдтар, бейнеролик
Пәнаралық байланыс:	жаратылыстану, Қазақстан тарихы
Бастапқы білім:	Ежелгі Қытай ойшылдары нені үйретті? «Есіңде ме?» әдісі. 1. Есіңде ме..... Ежелгі Қытайдың әйгілі данышпаны кім? 2. Есіңде ме..... Конфуцийдің іліміне сәйкес, мемлекет ол- 3. Есіңде ме..... Даосизм ілімінің негізін салушы кім? 4. Есіңде ме..... Шан Янның негізін қалаған ілім? 5. Есіңде ме..... Даосизм идеясы?

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы	Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру және топқа бөлу мақсатында «Броундық қозғалыс» әдісін пайдаланамын. Жинақталған ақпарат бойынша тақырыпты ашады, топқа бөлінеді. (Қытай, Ұлы Қытай қорғаны, Терракот әскері) Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру және топқа бөлу мақсатында «Броундық қозғалыс» әдісін пайдаланамын. Жинақталған ақпарат бойынша тақырыпты ашады, топқа бөлінеді. (Қытай, Ұлы Қытай қорғаны, Терракот әскері) «Чудо света. Терракотовая армия» бейнеролигін көреді. Сұрақтар: 1) Бұлне деп ойлайсыздар? 2) Бұл пішіндерде қандай ерекшелік бар? 3) Осы терракотты пішіндер олар кімдер болған? Олар бір-біріне ұқсайды ма? 4) Оларды не үшін жасақтаған? Оларды неден жасақтаған? 5) Неліктен осындай үлкендікте? 6) Сіз қалай ойлайсыз осы пішіндердің саны нені білдіреді? Сұрақтары арқылы бейнебаянға шолу жасалады және сабақ тақырыбы, зерттеу сұрағы нақтыланады.	
Сабақтың ортасы	Барлық оқушылар тақырыппен танысады Топтық жұмыс. «Ротация» әдісі - Цинь империясы (мәтінмен жұмыс) - Тұңғыш император (тірек-сызба) - Ұлы Қытай қорғаны мен «терракота әскері» туралы тұжырым жасайды, берілген артефактыны суреттермен сипаттайды. Бағалау критерийлері Дескриптор - Цинь империясының қалай құрылғандағын есте сақтайды; - Цинь Шихуанди императордың жүргізген саясатымен танысады және бағалайды; - Ұлы Қытай қорғаны мен «терракота әскері» туралы тұжырым жасайды, берілген артефактыны суреттермен сипаттайды. - Цинь империясының құрылу тарихын біледі; - - Цинь Шихуандидің жүргізген саясатын талқылайды; - - Ұлы Қытай қорғаны мен «терракота әскері» туралы тұжырым жасайды, берілген артефактыны суреттермен сипаттайды. Қалыптастырушы бағалау: «Басбармақ» Оқушылардың басбармақтарын көрсету арқылы. Олардың ұғу деңгейін тексеремін. Басбармақ жоғарыға қарай = Мен түсінемін. Басбармақ көлденең = Мен түсінгендеймін. Басбармақ төмен қарай = Мен түсінбедім. Жеке жұмыс: «Жалған» немесе «Ақиқат» Сұрақ А Ж Б.з.д. VIII ғ. Қытай жерінде жүзден аса тәуелсіз мемлекет билік құрды Б.з.д. III ғ. Ин Чженнің басқаруымен Хань патшалығының үстемдігі арта түсті Цинь империясының астанасы Сяньян Цинь Шихуанди елде қатаң заңдар жариялады Император 27 сарай салғызды Цинь империясы 14 жыл өмір сүрді Б.з.д. 206 Лю Бан Цинь әулетінің негізін қалаушы 1974 жылы Сианьда «терракота әскері» олжасы Дескриптор: - Б.з.д. VIII ғ. Қытай жерінде жүзден аса тәуелсіз мемлекет билік құрғандығының ақиқат екендігін біледі; - Б.з.д. III ғ. Ин Чженнің басқаруымен Хань патшалығының үстемдігі артқанының жалған екендігін біледі; - Цинь империясының астанасы Сяньяның ақиқат екенін біледі; - Цинь Шихуанди елде қатаң заңдар жариялағандығының ақиқат екендігін біледі; - Император 27 сарай салғызғандығының жалған екендігін біледі; - Цинь империясы 14 жыл өмір сүрдігінің ақиқат екендігін біледі; - Б.з.д. 206 Лю Бан Цинь әулетінің негізін қалаушы емес екендігін біледі; - 1974 жылы Сианьда «терракота әскері» олжасы табылғандығының ақиқат екендігін біледі. Қалыптастырушы бағалау: «Терракот әскерінің құрал сайманы» әдісі арқылы мадақтау	
Сабақтың соңы	Кері байланыс. Таза тақта Ин Чжен, Император, 8099, 38 жыл, 700-800 мың адам, Цинь Ши Хуанди Бірінші қазба жұмыстары 1978 жылдан 1984 жылға дейін болды, екіншісі 1985 жылдан 1986 жылға дейін, ал үшінші қазба жұмыстары 2009 жылдың 13 маусымында басталып кетті. Қалыптастырушы бағалау: “Мадақтау” әдісі (керемет, жарайсын)	
Рефлексия	Терракот әскері Не білдің? Не үйрендің? Не білгің келеді?	